

«АСТАНАЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

«Астанаэнергосбыт» ЖШС жасалған келісім-шарттар негізінде Астана қаласының тұтынушыларына электр және жылу энергиясын сату бойынша қызметтер көрсететін Энергия өткізу компаниясы болып табылады:

- тұрмыстық тұтынушыларға арналған электрмен жабдықтаудың үлгілік келісім-шарты;
- электр энергиясын тұрмыстық емес мұқтаждар үшін пайдаланатын, тұтынушыларға арналған электрмен жабдықтаудың үлгілік келісім-шарты;
- мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғаларға және коммуналдық қызметтер үшін төлемдер жүргізу мен жинау жөніндегі қызметтерге арналған электрмен жабдықтаудың үлгілік келісім-шарты.

«Астанаэнергосбыт» ЖШС-нің басты міндеті Астана қаласының жеке және заңды тұлғаларының энергия ресурстарын сатып алу және сату арқылы олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Серіктестікті дамыту, нарыққа икемді әрекет ету мақсатында жаңа технологияларды енгізу, қызмет көрсету әдістерін жетілдіру қағидаттарында құрылады.

Сапа менеджменті жүйесінің жұмыс істеуі, Серіктестік қызметінің аса маңызды стратегиялық бағыты болып табылады.

«Астанаэнергосбыт» ЖШС қызметі қолданыстағы және әлеуетті тұтынушылардың талаптары мен қажеттіліктеріне сәйкес, қызмет көрсету деңгейін және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған, атап айтқанда:

- тұтынушылардың және басқа да мүдделі тараптардың талаптары мен үміттерін қанағаттандыру жолымен компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
- электр және жылу энергиясын сату бойынша қызмет көрсетудің жоғары сапасына қол жеткізу;
- тұтынушыға қызмет көрсету процесінің ашықтығын, төлемнің ыңғайлылығын, есеп айырысудың дәлдігі мен көрнекілігін арттыру;
- компания қызметкерлерінің тұтынушыға дұрыс және тілектестік қарым-қатынасы, уақытылы әрекет етуі және тұтынушылардың мәселелерін шешуге мүдделі қатысуы.

Осы міндеттерді орындау үшін, «Астанаэнергосбыт» ЖШС басшылығы мен қызметкерлеріне:

- сапа саласындағы тәуекелдер мен нәтижелілікке байланысты, тиісті заңнамалық және нормативтік талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- тұтынушыларға қызмет көрсету сапасының стандарттарын, қызмет көрсету сапасын арттыру жөніндегі бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлейді және енгізеді;
- өзінің бизнес-процестерінің барынша нәтижелілігі мен экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету үшін олардың мониторингін және тұрақты жетілдіруін жүзеге асырады;
- негізгі қызметтерді жеткізушілермен және нарықтағы контрагенттермен серіктестік қатынастар орнатады;
- прогрессивті жұмыс әдістері мен заманауи ақпараттық технологияларды қолданады;
- барлық мүдделі тараптар үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі;
- серіктестік персоналының құзыреттілігі мен кәсібилігін тұрақты арттыруды, әр қызметкерді тұрақты жақсарту және мақсаттарға қол жеткізу бойынша қызметке тартуды қамтамасыз етеді;

«Астанаэнергосбыт» ЖШС басшылығы келесі міндеттемелерді өзіне алады:

- қызметте компанияның заңнамалық, нормативтік және ішкі талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- қолжетімді технологиялар мен техникалық құралдарды пайдалана отырып, сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігін үнемі жақсарту және арттыру;
- сапа менеджменті жүйесінің тиімді және нәтижелі жұмыс істеуі және оны үздіксіз жақсарту үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету.

«Астанаэнергосбыт» ЖШС саясаты ИСО 9001:2015 Халықаралық Стандарт талаптарына сәйкес және орындау үшін әзірленген.